

**Әбдіхалық А.Е.**

Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің докторанты,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**ҚАЖЫЛЫҚТАҒЫ «ИСТИТА’А» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
МЕКТЕПТЕРДІҢ ДӘЙЕКТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ  
(ХАНАФИ МАЗХАБЫ БОЙЫНША ҚАЖЫЛЫҚТАҒЫ ИСТИТА’А ҰҒЫМЫ)**

Бұл мақалада қажылықтағы *истита’аның* мұсылман баласы үшін қажылықтан бұрын болуы міндетті түрде талап етілетіндігі жайындағы пікірлер талқыға түседі. Мақалада екі мәселеге басты назар аударылады. Біріншісі, ислам дініндегі қажылықтың орнын, маңыздылығын анықтау. Ал екіншісі, құқықтық төрт (*Шафиғи, Малики, Ханбали және Ханафи*) мазһабтары бойынша қажылықты орындаудағы *истита’а* түсінігіндегі айырмашылықтарға салыстырмалы талдау жасау. Мақаланы әзірлеу барысында тақырыпқа қатысты деректерді жинаудан басталып, деректерді сұрыптап, оларға мазмұндық салыстырмалы талдау әдісі жүргізілді. Зерттеу нәтижесіне келетін болсақ, *истита’а* адамның ислам тәжірибелерін өз мүмкіндіктеріне қарай орындау жағдайын көрсетеді. Бұған қоса, зерттеу барысында қажылықты өтеу үшін *истита’а* болуының талап етілуі тұжырымдамасына қатысты төрт мазһабтың ғалымдары арасындағы түрлі пікірлер қалыптасқандығы дәйектелді. Сондай-ақ мақалада өзіміз ұстанатын Ханафи мазһабы бойынша қажылық міндетін өтеуге қатысты *истита’а* ұғымы жан-жақты талқыға түсті.

**Түйін сөздер:** исламдағы қажылық, *истита’а* түсінігі, Шафиғи, Малики, Ханбали және Ханафи мазһабтары.

Abdikhalyk A.Y.

Doctoral student, Egyptian University of Islamic Culture “Nur-Mubarak”,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**Comparative analysis of data of legal schools on the concept of «istita’ a» in pilgrimage  
(The concept of istita’a in pilgrimage according to the Hanafi madhhab)**

This article discusses the commentary on the compulsory execution of the *istita’a* for a Muslim before pilgrimage. The article focuses on two issues. The first is to define the importance and role of pilgrimage in Islam. The second is an analysis of the differences in the understanding of *istita’a* when making a pilgrimage in accordance with the four legal madhhabs (Shafi’i, Maliki, Hanbali and Hanafi). In preparing this article, data related to the topic were collected, analyzed, and a substantial comparative analysis was carried out. The results of the study show that *istita’a* means a person’s ability to perform Islamic practices in accordance with their capabilities. In addition, the study proved that different opinions are formulated between the scientists of the four madhhabs regarding the requirements of *istita’a* for pilgrimage. The article also discussed in detail the concept of *istita’a* in the pilgrimage according to the Hanafi madhhab.

**Key words:** pilgrimage in Islam, the concept of *istita’a*, the madhhabs of Shafi’i, Maliki, Hanbali and Hanafi.

Абдихалық А.Е.

докторант, Египетский университет Исламской культуры «Нур-Мубарак»,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nur-kazakhstan@mail.ru

**Сравнительный анализ сведений правовых школ о понятии «истита’а» в паломничестве  
(Понятие истита’а в паломничестве по мазхабу Ханафи)**

В этой статье рассматриваются комментарии об обязательном исполнении *истита’а* для мусльманина до совершения паломничества. В статье акцентируется внимание на двух вопросах.

Первый – определение важности и роли паломничества в Исламе. Второй – анализ различий в понимании *истита'а* при совершении паломничества в соответствии с четырьмя правовыми мазхабами (Шафиғи, Малики, Ханбали и Ханафи). При подготовке данной статьи был осуществлен сбор данных, связанных с темой, разбор сведений, и был проведен содержательно-сравнительный анализ. Результаты исследования показывают, что *истита'а* обозначает способность человека выполнять исламские практики в соответствии со своими возможностями. Кроме того, в ходе исследования были сформулированы различные мнения ученых четырех мазхабов относительно требований *истита'а* для совершения паломничества. В статье подробно обсуждается понятие *истита'а* в совершении паломничества по мазхабу Ханафи.

**Ключевые слова:** паломничество в Исламе, понятие *истита'а*, мазхабы Шафиғи, Малики, Ханбали и Ханафи.

## Кіріспе

Қажылық – Ислам тарихындағы ең маңызды амалдардың бірі болып табылады. Аллаһ қажылықты исламның бес тірегінің бірі ретінде қалдырды. Бұған қоса, қажылық тәуап, саға, жамратул лақтыру және Минада түн өткізу секілді бірнеше рәсімнен тұрады. Қажылық жасау парызы Али Имран сүресінің 97-ші аяты Мұхаммед Пайғамбарға (с.ғ.с.) ашылғаннан кейін басталды. Бұл аятқа сүйенсек, қажылық *истита'асы* (мүмкіншілігі) бар әр мұсылман үшін міндетті болып табылады. Бұл мақалада *истита'аның* мұсылман үшін қажылықтан бұрын болуы міндетті түрде талап етілетіні туралы тұжырымдамасы талқыланады. Бұл зерттеудің екі мақсаты бар. Біріншіден, исламдағы қажылықтың жайын анықтау. Екіншіден, төрт *мазһабтар* (ислам мектебіне) – Шафиғи, Малики, Ханбали және Ханафи мектептері – бойынша қажылықты орындаудағы *истита'а* түсінігін анықтау. Бұл зерттеу барысында деректер жинау құжаттар түріндегі деректердің ғылыми кітапханасын қолдану арқылы жүргізілді. Бұдан кейін, деректер мазмұнды талдау әдісі арқылы талданды. Зерттеу нәтижесіне келетін болсақ, *истита'а* адамның ислам тәжірибелерін өз мүмкіндіктеріне қарай орындау жағдайын көрсетеді. Бұған қоса, зерттеу барысында қажылықты өтеу үшін *истита'а* болуының талап етілуі тұжырымдамасына қатысты төрт мазһабтың ғалымдары арасындағы түрлі пікірлер айқындалды. Сонымен қатар, қажылықты орындауға тек қана *истита'асы* (мүмкіншілігі) бар мұсылмандар ғана міндетті. Қажылыққа қойылатын барлық талаптарға сай келетін әрбір мұсылман үшін қажылықты өтеу парыз. Олар келесі шарттарды орындаулары міндетті: мұсылман болу, ақыл-парасатқа ие болу, балиғат жасына жету, бас бостандығы, саяхатқа шығуға денінің сау болуы және *истита'а*. Аль-Зухайлидің (Al-Zuhaili, W., 1985) айтуы бойынша, төрт

*мазһабтың* (ой мектептерінің), яғни Малики, Ханафи, Ханбали және Шафиғи ғалымдарының *истита'а* туралы әр түрлі пікірлері бар. Қажылықта *истита'а* ұғымы әр *мазһабтың* ғалымдарының түсініктеріне негізделі отырып, бірнеше аспектілерге бөлінген. Қажылық бүкіл әлем мұсылмандарының жиналуын қамтамасыз ететіндіктен, мазһабтар арасындағы айырмашылықтар құрметтеліп, түсінікті болуы керек.

## Негізгі бөлім

Төрт мазһаб бойынша *истита'а* ұғымына тоқтау алдында біз Ислам дініндегі қажылық – мұсылмандардың орындайтын маңызды және мағыналы тәжірибесі. Қажылық исламның бес тірегінің бесіншісі ретінде тағайындалған. Дегенмен, қажылықты символдық дағды ретінде анықтайтын және оның шынайы нақты түсініктері жоқ деген кейбір пікірлер бар (Che Ngah, M. D., 2016) екендігін атап кету орынды. Іс жүзінде, қажылықты орындау тәртібінің өз мақсаттары мен мағынасы бар (Lamin, M., 2012). Сонымен қатар, қажылықтың басқа исламдық тәжірибелерден ерекшелігі бар. Өйткені, қажылықты орындаудың нақты орындары мен белгілі уақыты бар (Al-Syaddi, 'Adil bin 'Ali, 2011). Бұған қоса, қажылықты орындауға міндетті болу үшін белгілі бір талаптарға сай болу керек. Сондай-ақ, қажылық кезінде кейбір тыйымдардан аулақ болу шарт. Бұл Құран, хадистерде келтірілген белгілі бір дәлелдер мен ғалымдардың келісімдерінің (*ijma' ulama*) нәтижелері. Осының бәрі қажылықтың исламда ерекше орын алатындығын дәлелдейді.

Абдулла мен Жихатаның айтуы бойынша (Abdullah, L & Jihatea, N., 2007) Малайзияда Шафиғи мазһабы заңды түрде қабылданғанымен, төрт мазһабты салыстыра білу өте маңызды. Мұсылмандар өз түсініктерін кеңейту үшін *истита'а* жөніндегі төрт мектеп ғалымдарының пікірлерін білулері керек. Мұсылмандар қажылықты бастамас бұрын, өздерінің *истита'а* дәрежелерін

анықтаулары керек. Демек, бұл зерттеу исламдағы қажылықтың маңыздылығын және төрт мазһаб бойынша қажылықты орындау талабындағы *иститаа* тұжырымдамасын түсіндіреді.

Ибн Манзурдың (Ibn Manzur, Muhammad bin Mukarram, 1993) айтуы бойынша, *истита'аның* тура мағынасы бір нәрсені жасау мүмкіндігі ретінде анықталады. Ислам терминологиясында *истита'а* адамның Аллах бұйрықтарын орындауға қабілетін білдіреді. Мұсылман қажылықты орындауға міндетті болғанға дейін белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Әл-Зухәлидің айтуынша (1985) бұл талаптар – мұсылман болу, қабілетті (ақыл-парасатты және балиғат жасына жеткен), бас бостандығы бар адам (құлдықта емес), сондай-ақ *истита'асы* болуы тиіс. *Истита'а* – мұсылмандардың қажы болулары үшін талап етілетін шарттардың бірі. Бұл мына сүреге негізделген:

Негізінен адам баласы үшін Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мұбарак және тура жол. Онда ашық белгілер, Ибраһимның (ғ.с.) орны бар. Сондай-ақ кім оған кірсе, аман болады. Оның жолына шамасы келген кісілер, Алла үшін Қағбаны зират ету (қажылық қылу) керек. Ал кім қарсы келсе, Алла барлық әлемнен бай. (Әл-Имран сүресі, 3:96-97)

Аль-Куртубидің (Al-Qurtubi, Muhammad bin Ahmad, 1964) айтуы бойынша, бұл сүре Аллаһтың қажылықты орындау туралы бұйрығының дәлелі болып табылады. Бұл міндеттеме мұсылмандардың мүмкіншіліктеріне байланысты. Кейбір мұсылман ғалымдары Құранның, хадистердің және ғалымдардың ортақ пікіріне негізделген түсініктерді қарастыра отырып, *истита'а* мағынасына анықтама берді. *Истита'аның* анықтамасын келесідей белгілеген хадис бар:

Аудармасы: Омар р.а. риуаят еткендей, бір кісі Пайғамбарды көріп, мынадай сұрақ қойды: О Пайғамбар, ненің болуы қажылықты парыз етеді? Пайғамбар с.а.с. былай деп жауап берді: Жеткілікті қаражат пен көліктің болуы. (Ибн Маджа риуаят етті, 2896 хадис)

Аль-Куртуби (Al-Qurtubi, Muhammad bin Ahmad, 1964) және әл-Табари (Al-Tabari, Abi Ja'far Muhammad ibn Jarir, 2001) түсіндірулері бойынша бұл хадистегі жеткілікті қаражат пен көлік әл-Имран сүресінің 97-аятындағы *истита'а* сөзін білдіреді. Сондықтан, төрт мазһабтың ғалымдары *истита'а* ұғымының бірнеше аспектілерін кеңінен талқылады.

**Малики мазһабы бойынша қажылықтағы *истита'а* ұғымы**

Малики ғалымдарының айтуынша, *истита'а* Меккеге әдеттегі немесе жүйелі түрде жаяу немесе көлік құралдары арқылы жету мүмкіндігін білдіреді (аль-Дасуки). Мүмкіншілік тек қана Меккеге жету үшін қажет және оған өз Отанына оралу сапары жатпайды. Ибн Рушд (Ibn Rusyd, Muhammad bin Ahmad, 2004) айтуынша, қажылықты орындаудағы *истита'а* жарамды денсаулық, жеткілікті қаражат, Меккеге жету үшін көлік құралының болуы және сапардың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі секілді үш аспектіні қамтиды.

Бұған қоса, Ибн Рушд (Ibn Rusyd, Muhammad bin Ahmad, 2004) Малики ғалымдарының сілтеген денсаулық жағдайы мұсылманның Меккеге көлікпен жаяу немесе көлікпен бара алу мүмкіндігін білдіретінін түсіндіреді. Саяхат қауіпсіз және қатты қиындықтар әкелмеген жағдайда қажылар жер немесе теңіз көлігін пайдалана алады. Тағы да, мұсылман жаяу жүре алатын болса оның *истита'асы* бар деп саналады. Ал соқырларға келетін болсақ, Малики ғалымдары, олар көмекшілері арқылы жүре алатын болса, қажылықты орындауға міндетті екендігін айтады. Ал мұсылман әйелдерге тым алыс қашықтықта болса Меккеге жаяу жетуге тыйым салынады (макрух). Сонымен қатар, әйелдердің қажылыққа ерлерімен немесе махраммен (жанұясы мүшесімен) бірге барулары қажет. Әйелдің ажырасу немесе жарының қайтыс болу себебінен *идаһ* (idah) кезеңінде бола тұрып қажылыққа барулары мүмкін. Алайда ол Аллаһтың *идаһ* ережесіне байланысты бұйрығын орындамағаны үшін күнә жасаған болып есептеледі.

Әл-Дасукидің айтуынша (Al-Dasuki, Muhammad bin Ahmad. (t.th.). Nasyiyah al-Dasuki 'ala al-Syarhu al-Kabir) мұсылмандардың қажылықты орындаулары үшін қаражаттары, тамағы және басқа да қажетті заттары болуы керек. Сонымен қатар жеткілікті қаражаты болмаса, оны сапар барысында жасалуы мүмкін жұмыстар ауыстыруы мүмкін. Бұл жұмыс жұмысшыларға кері әсерін тигізбеуі қажет. Осылайша, Малики ғалымдарының пікірі бойынша материалдық құндылықтар немесе көлік құралының болуы қатаң талап емес. Екінші жағынан, жүре алатын адамдар міндетті түрде көлік құралына мұқтаж емес. Сонымен қатар, қажылыққа бару кезінде жеткілікті айлықпен жұмыс жасайтын адамдар өздерінің қажеттіліктерін әкелуге міндетті емес. Бұған қоса, егер мұсылмандар өздерінің иеліктерінің көпшілігін сата отырып, Меккеге жетуге мүмкіндіктері болса, оның *истита'асы* бар деп есептеледі. Бұл банкротқа ұшырағанға

байланысты барлық заттарды сатуға ұқсас. Өз отбасыларын қалдыруға мәжбүр болып, кейіннен ақшалары таусылғанымен, Меккеге бара алатын болса, олардың мүмкіндігі бар деп саналады. Басқа жағдайларда, Малики ғалымдары қажылыққа бару үшін адамға несие алу керек болса, онда оған қажылықты орындау міндетті емес деп есептеледі. Бұл олардың қарызды қайтара алмайтын жағдайда.

#### **Шафиғи мазхабы бойынша қажылықтағы *истита'а* ұғымы**

Шафиғи мазхабының ғалымдары *истита'а* тұжырымдамасын екі түрге бөледі. Біріншіден, Мекке мен оған жақын маңдағы аудандарда тұратын адамдар. Екіншіден, Меккеден алыс тұратын адамдар; саяхатшы (*музафир*). Меккеден 89 км-ден астам қашықтықта өмір сүріп жатқан мұсылмандар *истита'асы* бар деп есептеледі. Дегенмен, мұсылманның қажылықты жүзеге асыру үшін орындалуы тиіс аса маңызды жеті жағдай бар (al-Syarbini, Muhammad bin Ahmad, 1994). Бірінші шарт – физикалық мүмкіндіктер. Физикалық мүмкіндіктерге денсаулық және сау дене жатады. Көзі көрмейтін адамдар көмекшінің нұсқауларын ала алса, қажылықты орындауға қабілетті. Сонымен қатар, бақылауды қажет ететін адамдар да (маһжур алаих) қажылықты орындауға қабілетті болып саналады. Олардың бұл шығынын бақылаушылары (уәли) немесе бақылаушылары тағайындаған адам (вакил вали) басқаруы тиіс (Al-Zuhaili, W., 1985).

Екіншіден, көлік немесе тасымалдау құралдарының болуы шарт болып табылады. Көлікке немесе тасымалдау құралдарына ие адамдар қажылықты орындауға *истита'асы* бар деп саналады. Аль-Джазиридің айтуынша (Al-Jaziri, Abdul rahman, 2003), Меккеге жақын немесе алыс аудандардан келетін әйелдер көлік немесе тасымалдау құралдарын пайдаланулары қажет. Ал ер адамдар тек Меккеден екі мархалах қашықтықта тұратын жағдайда ғана көлік немесе тасымалдау құралдарына ие болулары міндетті. Бұл шарт Меккеге жақын тұратын мұсылмандарға қатысты емес. Олар жүре алатын болса, қажылықты орындау үшін оларда көлік немесе тасымалдау құралдарының болуы шарт емес.

Үшіншіден, қаржылық тұрақтылыққа ие болу шарты. Әл-Сибаринидың (al-Syarbini, Muhammad bin Ahmad, 1994) айтуынша, Меккеге жету үшін және кейіннен үйіне оралуға қаржысы жеткілікті адамдар қажылықты орындауға міндетті. Бұған қоса, қаржылық қолдау артта қалған

отбасы мүшелеріне міндетті түрде жеткілікті түрде қамтамасыз етілуі тиіс. Сондай-ақ, қажылыққа бармас бұрын қарыздардан құтылу да шарт. Осылайша, қажылық – тұрақты қаржыға ие болғандарға міндетті.

Келесіден, төртінші шарт – өзіне және салт жүрген жануарына арналған азық-түлік пен сусындардың жеткілікті болуы. Меккеге барар жолда тамақ пен сусын табуда қиындыққа тап болатын адамдарға қажылық жасау шарт емес. Екінші жағынан, Меккеге сапар кезінде азық-түлік пен сусындар үшін өте қымбат баға төлеуге мәжбүр адамдарға қажылық міндетті емес (Al-Zuhaili, W., 1985).

Бесіншіден, саяхат қауіпсіздігі – талап етілетін шарттардың бірі. Әл-Науауи (Al-Nawawi, Yahya bin Syaraf, 2005) Меккеге барар жолда өздерінің және меншіктерінің қауіпсіздігіне күмән келтіретіндерге қажылыққа бару міндетті емес екенін баяндады. Сонымен, қажылыққа бір ғана жолы бар және ол жол қауіпті болған жағдайда ол мұсылмандар үшін қажылықты орындау міндетті емес. Басқа жағдайларда, қажылық Меккеге сапар шегу жолында өздерін қорғау үшін күзетшілер немесе әскер жалдауға мүмкіншілігі бар бай адамдарға міндет.

Алтыншы шартқа келетін болсақ, ол әйелдердің тек күйеуі немесе ер отбасы мүшелерімен ғана қатыса алатындықтарында. Әл-Сибаринидің (al-Syarbini, Muhammad bin Ahmad, 1994) айтуынша, махрамы жоқ тұрмыс құрмаған әйелге қажылықты орындау үшін сенімді әйелдердің тобына қосылуына рұқсат етілген. Бұған қоса, топқа ересек әйелдер кіру қажет. Әйел үшін басқа әйелмен бірге қажылықты орындау міндетті емес. Сонымен қатар, әйелдерге жалғыз сапар жасауға немесе ерлер тобына қосылуға тыйым салынады.

Қажылық басталмас бұрын сапар шегу мүмкіндігі қажылықты орындауға міндетті болу үшін талап етілетін жетінші шарт. Бұл қажылық кезеңі әлі аяқталмай тұрып, қажылыққа бару үшін адамның қажетті жағдайларын білдіреді. Қажылық кезеңі Шаввал айынан басталып, Зухайжраның 10-ыншы күніне дейін созылады. Қойылатын талаптарға алдын ала сай келе алмайтын адамдар үшін қажылық міндеті жүктелмейді (Al-Zuhaili, W., 1985).

#### **Ханбали мазхабы бойынша қажылықтағы *истита'а* ұғымы**

Ханбали ой мектебінде қажылықтағы *истита'аға* қажылық үшін маңызды қажеттіліктерді дайындау мүмкіндігі және қажылықты орындауға арналған көлік құралының болуы

жатады. Қажеттіліктерге қаражат, тамақ, киім және көлік кіреді (Ibn Qudamah, Abdullah bin Ahmad, 1997). Бұл Мұхаммед пайғамбардың *истита'аны* қажеттіліктер мен көлік ретінде сипаттайтын түсініктемесіне негізделген. Ханбали ғалымдарының айтуынша, қажеттіліктер қажылықты орындау үшін дайындау керек заттарды білдіреді. Бұған Меккеге сапар кезінде, қажылық кезеңдерінде және үйге оралу саяхатында қажет болатын киім-кешек пен тамақ сияқты қажеттіліктер жатады. Сонымен қатар, сусындар мен сумен қамтамасыз ету қысқа да, алыс та қашықтықтағы сапарларда маңызды рөл атқарады. Алайда, Меккеге ешқандай қажеттіліктерді әкелместен жете алатын адамдар бұл шартты орындамай қажылықты жасауға міндетті. Ханбали ғалымдары қажылықты орындау үшін басқалардан қаржылай көмек сұрауға мәжбүр адамдарға бұл міндетті емес деп ойлайды.

Екінші жағынан, көлік құралы бар деген көлікке ие немесе қажылықты өтеу үшін және отанға оралуға көлік жалдауға мүмкіндігі бар адамдарға қатысты. Ибн Кудаманың (Ibn Qudamah, Abdullah bin Ahmad, 1997) айтуынша, Меккеден алыс қашықтықта тұратындар үшін олар жүре алғанымен, көлік құралының болуы шарт. Меккеден алыс қашықтығын мұсылманның намазын қысқартуға рұқсат етілген, яғни 89 км (2 *мархалах*) қашықтығы ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар, Меккеде немесе оған жақын маңда тұратын адамдар Меккеге қауіпсіздікте жаяу жете алатын қашықтықта тұратын болса, көлік құралының болуы міндетті емес. Алайда науқастар мен денсаулығы әлсіздік танытатын мұсылмандар Меккеге жақын немесе алыста тұратынына қарамастан қажылыққа көлік құралдары арқылы барулары қажет.

Бұдан басқа, Ханбали ғалымдарының сипаттауы бойынша қажылықты орындағысы келетіндер алдында жауапкершіліктері бар отбасыларына қажетті заттар мен көлік құралдарын қамтамасыз етуі керек. Олардың қоршауының астындағы адамдардың құқықтары қажылыққа аттанбай тұрып орындалуы қажет. Сонымен қатар, қажылықты орындауға міндетті болу үшін алдымен қарыздарды төлеу керек. Бұдан басқа, Меккеге жетудің қауіпсіздік аспектілері де *истита'а* шарттарына кіреді. Бұл жағдайда сапардың кез келген қауіптерден сақ екендігі қамтамасыз етілуі қажет. Олар, сондай-ақ, Меккеге қажылық кезеңінде жетулері керек. Аталған талаптардың барлығын орындауға мүмкіндік болған кезде адамның *истита'асы* бар деп есеп-

теледі және қажылық міндетті болып табылады (Al-Zuhaili, W., 1985).

#### **Ханафи мазхабы бойынша қажылықтағы *истита'а* ұғымы**

Ханафи мазхабының ғалымдары *истита'а* ұғымын үш санатқа бөледі. Біріншіден, дене қабілеті. Екіншіден, қаржылық мүмкіндіктер. Үшінші – қауіпсіз саяхат жасау мүмкіндігі. Дене қабілеті адамдардың денсаулық жағдайларының жақсы болуын білдіреді. Әл-Касанидің айтуы бойынша (Al-Kasani, Abu Bakar bin Mas'ud, 1986), қажылықты орындау созылмалы аурулармен ауыратын, дене мүшесі семдірілгендер, соқыр және мүгедектер үшін міндетті емес, қалауларына байланысты болып табылады. Сонымен қатар, қарттар мен өздерін басқара алмайтындар да қажылыққа баруға міндетті емес.

Сонымен қатар, аль-Касани (Al-Kasani, Abu Bakar bin Mas'ud, 1986) қажылықты орындау үшін қаржылық мүмкіндіктердің болуы аса маңызды екендігін түсіндіреді. Қаржылық мүмкіндіктер Меккеге бару және отанына оралу үшін қажеттіліктер мен көлікті қамтиды. Өздерінің жауапкершіліктерінің астындағы отбасыларының қажеттіліктері де осы мүмкіндіктерге кіреді. Сонымен қатар, қолданыстағы көлік құралдары мен көлік қажылықты орындағысы келетіндер үшін арнайы болуы қажет. Қажылыққа баратын адам өзі үшін қажетті және ыңғайлы көлік құралын таңдауы керек. Қолайлы және дұрыс көлік таба алмаған адамдарға қажылық орындау міндеттелмеген. Қажылықты орындау үшін көлік құралына немесе көлікке ие болу шарты тек Меккеден алыс тұратын адамдарға қатысты, яғни Меккеден үш күндік немесе одан да көп сапардай қашықтықта болса. Сондықтан, Меккеде немесе оған жақын маңда тұратын мұсылмандар жаяу жүруге шамалары жетсе, қажылықты орындауға міндетті.

Ибн Хаммамның (Ibn Hammam, Muhammad bin Abdul Wahid. (t.th). Fathu al-Qadir) айтуынша, қауіпсіз саяхат жасау мүмкіндігі Меккеге сапар шегу үшін қауіпсіздігінде кепілдігі бар жолдың болуын білдіреді. Бұған қоса, әйелдердің өздерінің қауіпсіздігі үшін өздерінің күйеуі немесе еркек-отбасы мүшелерімен (махрам) бірге болулары талап етіледі (Al-Manbaji, Ali bin Zakaria, 1994). Әйелдерге күйеуі немесе *махрамы* болмаса, олардың қажылық жасауы ұятты болып саналады. Сондықтан, күйеуі немесе махрамының болуы, жарамды денсаулық пен саяхат қауіпсіздігі әйелдердің қажылықты орындаулары үшін міндетті талаптар болып табылады.

Қорытындылай келгенде, әрбір мазхабтың ғалымдары өздерінің Құран мен хадис негіздерін түсінулеріне негізделген *истима'а* тұжырымдамасына қатысты түрлі түсініктемелер ұсынады. Сондықтан, қажылықты орындаудағы *истима'а* тұжырымдамасына қатысты олардың пікірлерінде бірнеше ұқсастықтар мен

айырмашылықтар бар. Аталған талқылаулардағы ғалымдардың пікірлері бойынша, қажылықты орындауға міндетті болмас бұрын, *истима'а* тұжырымдамасында түсінуге тиісті бірнеше аспектілер. Қысқасы, келесі кестеде төрт *мазһаб* бойынша қажылықтағы *истима'а* тұжырымдамасы көрсетілген:

#### Төрт мазһаб бойынша қажылықтағы *истима'а* ұғымы

Мазһаб	<i>Истима'а</i> ұғымы
Малики	1. Жақсы денсаулық 2. Жеткілікті қажеттіліктер 3. Меккеге жету үшін көліктің болуы және жол қауіпсіздігі
Шафиғи	1. Физикалық мүмкіндіктер 2. Көлік немесе көлік құралдарының болуы 3. Қаражат тұрақтылығы 4. Өзі және айдап келе жатқан жануары үшін жеткілікті тамақ пен сусындар қоры 5. Сапар қауіпсіздігі 6. Күйеуімен немесе ер жанұя мүшесімен қатысу 7. Қажылық кезеңі басталмай тұрып сапар шегу мүмкіндігі
Ханбали	1. Көлік немесе көлік құралдарының болуы 2. Ең қажетті заттарды дайындау мүмкіндігі
Ханафи	1. Физикалық мүмкіндіктері 2. Қаржылық мүмкіндіктері 3. Қауіпсіз саяхат жасау мүмкіндігі

Төрт мазһабтың ғалымдары көрсетілген 1-кесте негізінде қажылықтағы *истима'а* ұғымын түсіндіріп, оны кейбір бөлімдерге бөлді. Бұл бөлулер мұсылмандардың *истима'а* ұғымын жақсы түсінулеріне көмектесу үшін жасалды. Бұған қоса, *истима'а* тұжырымдамасы мұсылмандарға өздерінің қажылықты орындау мүмкіндіктерін өлшеуге көмектесу үшін егжей-тегжейлі талқыланды. Осылайша, аталған талаптарға сай келетін әрбір мұсылман қажылықты орындауға дайын болу керек. Өйткені, олар үшін қажылық міндетті болып саналады. Ғалымдардың басым көпшілігі қажылықты өтеуді кешіктіру әрекетін күнә деп есептейді (Abdul Kadir, M. N., 2010).

#### Қорытынды

Қорыта айтқанда, қажылықтың исламда ерекше және маңызды орны бар. Қажылық – мұсылмандардың өмірінде кем дегенде бір рет орындауы тиіс исламның бес парызының бірі. Қажылыққа қатысты барлық мәселелер, оның ішінде қажылықтың тәртібі мен заңдары Құранда, пайғамбар хадистерінде айтылып, ислам ғалымдарының ортақ келісімімен бекітіл-

ген. Белгілі талаптарға сай келетін мұсылмандар үшін қажылықты орындау міндетті түрде болып саналады. *Истима'а* – Али Имран сүресінің 97-ші аятында айтылған талаптардың бірі. Қасиетті Құран Кәрім аятына негізделген төрт мазһаб ғалымдарының қажылықтағы *истима'а* мағынасына берген бірнеше түсініктер бар. Бұған қоса, ғалымдар *истима'а* ұғымын бірнеше санаттарға бөлді. Шафиғи мазһабының ғалымдары *истима'а* ұғымын жеті түрлі мүмкіншіліктерге бөледі. Сонымен қатар, Малики ғалымдары *истима'а* тұжырымдамасын үш негізгі бөлікке бөлді. Ал ханафи ғалымдары *истима'аны* үш классификацияға бөледі. Ханбалидің ғалымдары туралы айтатын болсақ, олар қажылықтағы *истима'а* ұғымын одан әрі екі бөлікке бөліп түсіндіреді. Бұл түсіндірулер мұсылмандарға қажылықты орындау үшін қойылатын талаптардағы *истима'а* ұғымын түсінуге көмектесу мақсатымен жасалған. Қажылықты орындау міндеті тек шамасы келетін адамдарға жүктелгенімен, қажылықты өтеу үшін күш-қуат пен ұмтылыс әрбір мұсылманның ақыл-ойы мен жүрегінде жетілуі тиіс деген тұжырым жасауға болады.

### References

- Che Ngah, M. D. (2016). *Inspirasi Haji: Rahsia yang Tersimpan*. Selangor: Galeri Ilmu Sdn Bhd.
- Lamin, M. (2012). *Ke Arah Haji Yang Mabruur*. Kuala Lumpur: Telaga Biru.
- Al-Syaddi, 'Adil bin 'Ali. (2011). *Maqasid al-Haj fi al-Quran al-Karim*. Riyadh: Dar al-Watan for Publication.
- Al-Zuhaili, W. (1985). *Fiqh al-Islami wa Adillatuhu*. Damsyik: Dar al-Fikri.
- Abdullah, L & Jihatea, N. (2007). *Bermazhab dan Fanatik Mazhab: Satu Sorotan Dalam Kerangka Amalan Bermazhab Syafi'i Masyarakat Melayu*. *Jurnal Fiqh*, No.4, 103-118.
- Ibn Manzur, Muhammad bin Mukarram. (1993). *Lisan al-Arab*. Beirut: Dar Sadir.
- Al-Qurtubi, Muhammad bin Ahmad. (1964). *al-Jami' li Ahkam al-Quran, Tafsir al-Qurtubi*. Kaherah: Dar al-Kutub al-Misriyah.
- Al-Tabari, Abi Ja'far Muhammad ibn Jarir. (2001). *Tafsir al-Tabari jami' al-bayan 'an ta'wil ay al-Qur'an*. Beirut: Dar Ihya al-Turath al-'Arabi.
- Ibn Majah, Muhammad bin Yazid. (t.th). *Sunan Ibnu Majah*. Mesir: Dar Ihya al-Kutub al-Arabiyah.
- Ibn Rusyd, Muhammad bin Ahmad. (2004). *Bidayah al-Mujtahid wa Nihayah al-Muqtasid*. Kaherah: Dar al-Hadis.
- al-Syarbini, Muhammad bin Ahmad. (1994). *Mughni al-Muhtaj ila Ma'rifah Ma'ani Alfaz al-Minhaj*. Mesir: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.
- Al-Jaziri, Abdul rahman. (2003). *Fiqh 'ala al-Mazahib al-Arba'ah*. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.
- Al-Nawawi, Yahya bin Syaraf. (2005). *al-Minhaj fi syarah Sahih Muslim*. Beiurt: Dar al-Minhaj.
- Ibn Qudamah, Abdullah bin Ahmad. (1997). *al-Mughni*. Arab Saudi: Dar 'Alim al-Kutub: Arab Saudi.
- Al-Kasani, Abu Bakar bin Mas'ud. (1986). *Bada'i al-Sana'i fi Tartib al-Syara'i*. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.
- Ibn Hammam, Muhammad bin Abdul Wahid. (t.th). *Fathu al-Qadir*. Damsyik: Dar al-Fikri
- Al-Manbaji, Ali bin Zakaria. (1994). *al-Lubab fi al-Jam'u baina al-Kitab wa al-Sunah*. Damsyik: Dar al-Qalam.
- Abdul Kadir, M. N. (2010). *Rahsia Haji: Falsafah dan Hikmahnya Menurut Al-Quran dan Sunah*. Kuala Lumpur: Telaga Biru.
- Al-Dasuki, Muhammad bin Ahmad. (t.th.). *Hasyiyah al-Dasuki 'ala al-Syarhu al-Kabir*. Damsyik: Dar al-Fikri.